

**Жараспай жалпы білім беретін мектебінің**  
**Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу комиссиясының отырысының**  
**ХАТТАМАСЫ**

01.10.2024 жыл

**Қатысқандар:** Мектеп басшысы, Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу комиссия мүшелері.

**Күн тәртібі:**

1. Мектеп асханасының санитарлық жағдайы.
2. Тамақтандыруда әзірленген астың сапасы.

**Тыңдалды:**

Мектептің тәрбие ісінің меңгерушісі Шәріп М.Қ. қатысушыларды мектеп асханасының жұмысы бойынша, сапалы тамақтандыру бойынша комиссия рейдтерінің қорытындысымен таныстырды.

**Тексеру мақсаты:** Асхананың санитарлық жағдайы. Азық-түлік сапасын тексеру, тамақты дайындау технологиясын, асхананың тоңазытқыш-технологиялық жабдықтарын тексеру, дайын тамақтар мен азық-түліктің сақталу талаптарының орындалуын тексеру.

**1-мәселе бойынша:** Комиссия мүшесі, мектеп медбикесі Қуатбекова А.Р. мектеп асханасында 2 адам жұмыс істейді, атап айтқанда 1 аспазшы, 1 аспазшының көмекшісі жұмыс жасайды деді.

Медициналық кітапша және жұмысқа жарамдылық рұқсаты асхананың барлық қызметкерлерінде бар. Асхананың санитарлық жағдайы жақсы, ылғалды жинау жұмыстары де кезінде жүргізіледі, терезенің алды, үстелдер, стелаждар, ыдыстар таза, өз орнындарына қойылған, асхана іші таза, еден жуылған, тазалығы үнемі қадағалануда.

Жаппай оқыту қоры қаражаты есебінен аз қамтылған отбасы балалары үшін тегін тамақпен 17 оқушы қамтамасыз етілген.

**2-мәселе бойынша:** Қуатбекова А.Р. өз сөзінде асхананы жалға алушы азық-түлік сертификаттарын ұсынды. Азық-түлік кестеге және сұранысқа байланысты әкелінеді.

Асханада 2 тоңазытқыш бар, оларда температураны бақылауға арналған термометр орнатылған. Күн сайын аспазшы дайын тамақтың тәуліктік бақылауын іске асырады. Ас ішу блогының өндірістік аумағында, шкафтар, стелаждар, санитарлық-техникалық жабдықтар жақсы жағдайда. Ас ішу үстелдері ыстық сумен жуғыш құралдарды қосу арқылы жуылады. Күн сайын мектеп директорымен бекітілген ас мәзірі ілінеді. Мектеп медбикесі бракераж журналына күн сайын толтырады. Шикі және дайын тамақтардың журналы бар. Асхананың санитарлы-гигиеналық жағдайы жақсы, барлық талаптар орындалатынын айтты.

**Шешімі:**

1. Мектеп асханасында тамақтану сапасына мониторинг жүргізу комиссиясының санитарлық жағдайын бақылау жұмысы жалғастырылсын.
2. Ыстық тамақпен қамтамасыз ету қызметі келісімге сәйкес үнемі комиссия тарапынан бақылауда болсын.

Комиссия төрағасы: Идирисов Г.С.

Хатшы: Шәріп М.Қ.



**Жараспай ЖББ мектебінің**  
**Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу комиссия отырысының**  
**ХАТТАМАСЫ**

Күні: 27.12.2024 жыл

**Күн тәртібінде қаралатын мәселе.**

1. Тамақтану сапасын бағалау жұмыстарының қорытындысы
2. Асхананың санитариялық жай-күйін бақылау (тоңазытқыш-технологиялық жабдықтың жарамдылығы)

Қатысқаны: 7

Қатыспағаны: жоқ

Бірінші мәселе бойынша ТІМ Шәріп М.Қ. тыңдалды :

Асхана жұмыскері жеке және өндірістік гигиенаны сақтайды ,қолдың тазалығын бақылайды,таза арнайы киім мен аяқ киім киеді.Және сонымен қатар аспазшыда қолында тырнақ жасалынған, сол үшін ескерту жасалды.Тамақ ішетін залда мектеп басшысы бекіткен мәзір ілінген . Мәзірде көрсетілген тағамдар мен аспаздық өнімдердің атаулары пайдаланылған рецептуралар жинақтарында көрсетілген атауларға сәйекес келеді.

Екінші мәселе бойынша Қуатбекова А.Р. тыңдалды:

Асхананың санитарлық жағдайы - санитарлық талапқа сай ыдыстармен қамтылуы және ыдыс жуатын бөлменің жай-күйі қанағаттанарлық деңгейде . Асхана барлық қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталған , қайнаған су бар.Ауыз су режимі сақталады.

Қол жуатын арнайы орын жабдықталған , жеткізілген тамақ өнімдерінің сапалы қанағаттанарлық .

Шешімі:

- 1.Мектептегі ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмыстары талапқа сай деп бағалансын.
- 2.Бракераждық комиссияның жұмысы жоспарға сәйекес жалғасын тапсын.

Комиссия төрағасы:

Идирисов Г.С.

Хатшы:

Шәріп М.Қ.



**Жараспай ЖББ мектебiнiн**  
**Тамақтану сапасына мониторинг жүргiзу комиссия отырысының**  
**ХАТТАМАСЫ**

Күні: 19.03.2025 жыл

Күн тәртібінде

1. Мектеп асханасының жұмысы мен тазалығы
2. Тексеру кезінде жүргізілген жұмыстар

Бірінші мәселе бойынша мектеп ТІМ сөз алды: 2025 жылдың наурыз айының мектепшілік комиссия құрамы, мектеп асханасының жұмыс орнының тазалығын, ыдыс аяқтардың сапасын, асхананың санитарлық гигиеналық жағдайын, күнделікті астың бекітілген ас мәзіріне сай дайындалуын, тамақтың сапасын, нормаға сәйкестігін, азық түліктердің талапқа сай сақталуы жайында жұмыс тексерілді.

Екінші мәселе бойынша мектеп медбикесі Куатбекова А.Р. сөз алды:

Тексеру кезінде төмендегідей жұмыстар бақыланды:

1. Жұмыс орнының тазалығы;
2. Ыдыс аяқтардың сапасы;
3. Асхананың санитарлық гигиеналық жағдайы;
4. Бекітілген ас мәзіріне сай дайындалуы, тамақтың сапасы, нормаға сәйкестігі;
5. Азық түліктерді талапқа сай сақталу жайы;
6. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылы.

Тексеру кезінде анықталды:

Мектеп асханасының тазалығы көңіл толарлықтай, барлық ыдыс аяқ калыпты жағдайда маркировкаланған. Ыдыс аяқ бала санына жеткілікті. Күнделікті ас мәзірі ілінген. Тамақ ас мәзірі бойынша дайындалған, нормаға сәйкес. Тәуліктік ас сынамалары бар, тоназытқышқа қойылған. Тоназытқыштың іші таза. Көкөністер жәшікке салынған. Барлық тағамдардың сертификаттары бар. Ас мәзірі бойынша барлық тағам дайындалған. Оқушыларға тамақ сабақ кестесі бойынша уақытында әзірленді.

Қаулы :

1. Тексеру бойынша бракераж комиссиясы тарапынан асхана қызметкерінің жұмыс барасында асхана тазалығын, санитарлық гигиеналық талаптардың орындалуын үнемі қадағалау;
2. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуын қадағалау.

Комиссия төрайымы:  Рустемова Ж.Т.

Хатшы:  Шәріп М.Қ.



**Жараспай ЖББ мектебінің**  
**Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу комиссия отырысының**  
**ХАТТАМАСЫ**

Күні 27.05.2025 ж.

Қатысқаны: 7

Қатыспағаны: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселе.

1. Тамақтану сапасын бағалау жұмыстарының қорытындысы
2. Ас блогы үй-жайларының жай-күйі

Бірінші мәселе бойынша ТІМ Шәріп М.Қ. тыңдалды: тамақтандыруды сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссиясы асханадағы біртегіз тамақтандыруды ұйымдастыру деңгейіне бақылау жүргізілді. Мектепте перспективалық ас мәзірі жасалды, бекітілген. Аспазшылардың денсаулығын тексеріп, шикізат және дайын тағамдардың жағдайына бақылау жүргізілген. Асхананың санитарлық жағдайы аспаздарың сыртқы киім үлгісі барлық санитарлық талапқа сай ыдыстармен қамтылуы және ыдыс жуатын бөлменің жай-күйі қанағаттанарлық деңгейде.

Екінші мәселе бойынша тыңдалды: Ыдыстар жеткілікті, ыдысжуатын бөлмелер таза, әр ыдыс орынды қойылған, ыдыстардың беті жабық тұрады. Асхана барлық қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталған, қайнаған су бар. Қолжуатын арнайы орын жабдықталған, жеткізілген тамақ өнімдерінің сапалы қанағаттанарлық. Тоңазытқыш техникалық жабдықтары жарамды және ауа температурасы +4 С көрсетіп тұр, өнімдердің және дайын тағамдардың сақтау мерзімдері өтпеген. Жалпы тексеру қорытындысына сәйкес тамақтандыруды ұйымдастыру жағдайы қанағаттанарлық екендігі анықталды.

Шешімі:

1. Мектептегі ыстықтамақпен қамтамасыз ету жұмыстары талапқа сай деп бағалансын.
2. Бракераждық комиссияның жұмысы жоспарға сәйкес келесі жылы да жалғасын тапсын.

Комиссия төрайымы:  Рустемова Ж.Т..

Хатшы:  Шәріп М.Қ.

